

## **"Аралтұз" АҚ өндірістік қызметкерлерінің жалақысын 22,5 пайызға көтеру туралы шешім қабылдады**

"Аралтұз" АҚ өндірістік қызметкерлерінің жалақысын 22,5 пайызға көтеру туралы шешім қабылдады. Бұл туралы кәсіпорынның баспасөз қызметі мәлімдеді. Қазіргі таңда компания жұмысы толық жанданды.

2021 жылдың 1 қыркүйегінде "Аралтұз" АҚ ұжымы жалақыны 50% -100% көтеру талабымен шықты, бұл кәсіпорынның жұмысын тоқтатуға алып келді. Қызметкерлердің бұл талабы коронавирустық пандемия мен басқа факторлардың салдарынан экономиканың құлдырауынан туындады. Алайда жұмыс берушінің талапты толық орындауы экономикалық тұрғыдан мүмкін болмады.

2014 жылдан бастап қызметкерлердің жалақысы 6 есе өсті, жеті жыл ішінде қызметкердің табысы орта есеппен 125% - ға өсті. Күрделі кезеңде "Аралтұз" АҚ - 2021 жылдың 1 наурызынан бастап жалақыны 10% - ға арттыру туралы шешім қабылдаған аздаған компаниялардың бірі, сондай-ақ кәсіпорын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналарды өтеу туралы міндеттемені өзіне алды. Жалпы, 2021 жылдың 1 наурызынан бастап өндіріс қызметкерлерінің еңбекақысының өсуі "қолға"12,5% - ды құрады. Сондай-ақ, пандемия кезінде компания жұмыс орындарын қысқартпағанын және қызметкерлерді ақысыз демалыстарға жібермегенін атап өткен жөн.

Компания басшылығы кәсіподақ пен қызметкерлердің өтініштерін қарастырып, сондай-ақ күрделі жалпы экономикалық жағдайды ескере отырып, 2021 жылдың 1 қыркүйегінен бастап өндірістік қызметкерлердің жалақысын тағы 22,5% - ға арттыру туралы шешім қабылдады. Сонымен қатар, жыл қорытындысы бойынша өндіріс жоспарларын орындағаны үшін ұжымның жұмысын қолдау және ынталандыру шарасы ретінде әрбір қызметкерге қосымша сыйақы белгілеу тапсырылды.

**Бүгін компанияның барлық қызметкерлері өз міндеттерін орындауға кірісті. Кәсіпорынның жұмысы толық қалпына келтірілді.**

"Аралтұз" АҚ-Қазақстанда 1925 жылдан бастап ас тұзының жетекші өндірушісі. Компания Арал өңірінің 1000-нан астам жергілікті халқын жұмыспен қамтамасыз ететін кәсіпорны болып табылады.

Айта кету керек, "Аралтұз" АҚ аудандағы маңызды әлеуметтік жобалар мен қайырымдылық шараларына атсалысушы ірі әлеуметтік-жауапты кәсіпорын. Атап айтқанда, компания әлеуметтік бағдарланған газдандыру жобасына қатысып, соның арқасында Арал ауданы Жақсықылыш кентінің 5 мыңнан астам тұрғыны көгілдір отынға қол жеткізді.

Бұдан басқа, көп балалы отбасыларға, жалғыз басты аналарға, сондай-ақ халықтың әлеуметтік осал топтарының басқа да санаттарына көмек және қолдау тұрақты негізде жүзеге асырылады.

Пандемия кезінде" Аралтұз " АҚ Арал ауданының ауруханаларын медициналық жабдықтармен қамтамасыз ету, реанимобильдер, оттегі концентраторларын, медициналық кереуеттер мен қорғаныс жиынтықтарын сатып алу жауапкершілігін өз мойнына алды. Компанияның күшімен Арал қаласында "Арал" қонақ үйі қайта құрылып, пайдалануға берілді. Қазіргі уақытта спорт залы мен бассейнмен жабдықталған спорттық-сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталуда. Аталған жобаны іске асыру Арал ауданының балаларына, сондай-ақ кәсіпорын қызметкерлерінің балаларына жүзу секцияларында тегін айналысуға мүмкіндік береді, спорттық сабақтардың қолжетімділігін арттырады, сондай-ақ коронавирустық инфекциядан зардап шеккен адамдардың денсаулығын қалпына келтіруге оң әсер етеді.